

**Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Ақтөбе облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Ақтөбе облысы әкімдігінің іс басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы**

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2025 жылғы 27 маусымдағы № 227 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне енбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органдың айқындаған тәртібі мен шарттарына сәйкес жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Ақтөбе облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Ақтөбе облысы әкімдігінің іс басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына 30% - әкімшілік қызметкерлеріне (басқарушы, әкімшілік және қосалқы персонал) және әр түрлі жұмыстағы қызметкерлерге, жүргізушилерге, тракторшыға - 50% мөлшерінде ынталандыру үстемеақылары белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Г. Сүйінтаева